**"Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 381 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 211 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 21.01.2015 № 993 Жарлығымен ( 01.01.2015 қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 381 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮӘЖ-ы, 2007 ж., № 27, 310-құжат; 2008 ж., № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы ережеде:

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жүзеге асырады.»;

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Дипломдар мен төсбелгісін дайындауға, сараптама жүргізуге байланысты шығыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қаражаты есебінен қаржыландырылады.» ;

6-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:
«Бір автор немесе авторлар ұжымы мемлекеттік сыйлыққа қатарынан екі рет ұсыныла алмайды.»;
11-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі:»;
15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«15. Тұлға мемлекеттік сыйлық алуға ұсынғаннан кейін қайтыс болған жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік сыйлық қайтыс болғаннан кейін берілмейді.
Бұл жағдайда қайтыс болған лауреаттың дипломы, төсбелгісі мен ақшалай сыйақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұра бойынша беріледі.»;
2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі болып табылады.»;
3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
4) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
5) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломы мен төсбелгісінің сипаттамасында:
1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мұқабада алтын түспен батыңқы түсірілген:
1) үстіңгі жағында – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;
2) Мемлекеттік Елтаңбаның төменгі жағында – мемлекеттік тілде:
«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының
ДИПЛОМЫ»
деген жазу орналасады (1-қосымша).»;
2-тармақтың екінші және үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жапсырманың сыртқы жағында:

1) үстіңгі жағында – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

2) Мемлекеттік Елтаңбаның төменгі жағында – мемлекеттік тілде: «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының ДИПЛОМЫ» деген жазу орналасады (2-қосымша).

Жапсырма беттің ішкі екі жағының ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының фондық бейнесі салынған.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 211 Жарлығына
1-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 381 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

## Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - төраға

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі - төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі - хатшы

## Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Әдекенов Серғазы Мыңжасарұлы - «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік орталығы» акционерлік қоғамының президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Байпақов Карл Молдахметұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бөлім меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Данаев Нарғозы Тұрсынбайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Механика және математика институтының директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Дүйсенбеков Зайролла Дүйсенбекұлы - «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық Қазақстандық бөлімшесінің төрағасы, Қазақстан

Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Молдабеков Мейірбек Молдабекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Мұқашев Болат Нығметұлы - «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» акционерлік қоғамының Физика-техникалық институтының конденсацияланған орта физикасы мен жаңа материалдар зертханасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, (келісім бойынша)

Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Философия және саясаттану институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құрметті директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Өтелбаев Мұқтарбай Өтелбайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының іргелі және қолданбалы математика кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым

академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Пішембаев Мейірам Құдайбергенұлы - экономика ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Раманқұлов Ерлан Мірхайдарұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, PhD докторы (келісім бойынша)

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)

Сүлейменов Батырбек Айтбайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы - саяси ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының профессоры (келісім бойынша)

Сыдықов Ерлан Батташұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Төлешев Амандық Қуатұлы - «Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті, техника ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 211 Жарлығына 2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 381 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

## Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - төраға

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі - төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі - хатшы

## Әдебиет секциясы

Қасқабасов Сейіт Асқарұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, секция төрағасы (келісім бойынша)

Әбдезұлы Қансейіт - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі (келісім бойынша)

Әбдіқұлы Төлен - жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Абдрахманов Сауытбек - «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Есдәулетов Ұлықбек Оразбайұлы - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Жолдасбеков Мырзатай - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті «Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Исабеков Дулат - жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Кекілбаев Әбіш - халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Қамзабекұлы Дихан - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н.Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Михайлов Валерий Федорович - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Простор» журналының бас редакторы, «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстан және Ресей жазушылар одақтарының мүшесі (келісім бойынша)

Момышұлы Бақытжан Бауыржанұлы - жазушы, аудармашы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі (келісім бойынша)

Оразалин Нұрлан Мырқасымұлы - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Смайыл Алдан - жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Шаштайұлы Жұмабай - жазушы, «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (келісім бойынша)

Ысқақбай Маралбай Ысқақбайұлы - жазушы, «Қазақстан авторлары қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (келісім бойынша)

**Музыка, театр және кино секциясы**

Дінішев Әлібек Мұсаұлы - Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, секция төрағасы (келісім бойынша)

| | |
|---|---|
| Андриасян Рубен Суренович | - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің «М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Әмірқұлов Ардақ Жамансарыұлы | - «Ардфильм» студиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, режиссер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Әубәкірова Жәния Яхияқызы | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» мемлекеттік мекемесінің ректоры, профессор, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Әшімов Асанәлі | - Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Вовнянко Игорь Александрович | - «Қазақстан Кинематографистер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Жаманқұлов Тұңғышбай | - «Қазақстан театр қайраткерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстан |

Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Косенко (Трегубенко) Наталья Павловна - Астана қаласының Мәдениет басқармасы «М. Горький атындағы Орыс драма театры» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының актрисасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (келісім бойынша)

Қыдырбек Балнұр Балғабекқызы - «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, композитор (келісім бойынша)

Молдакәрімова Ғалия Әбіләкімқызы - Қазақстан Республикасының халық әртісі (келісім бойынша)

Мұсақожаева Айман Қожабекқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қазақ ұлттық өнер университеті» мемлекеттік мекемесінің ректоры, профессор, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Мұхамедиұлы Арыстанбек - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы» мемлекеттік мекемесінің ректоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (келісім бойынша)

Сығай Әшірбек Төребайұлы - театртанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор (келісім бойынша)

Тарази (Әшімов) Әкім Үртайұлы - жазушы-драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Тұтқыбаева Гүлжан Ұсамбекқызы - балетмейстер, Қазақстан Республикасының халық әртісі (келісім бойынша)

Тілеухан Бекболат - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Үсенбаева Нұржамал Пернебекқызы - Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

**Бейнелеу өнері және сәулет секциясы**

Сергебаев Ескен Аманжолұлы - суретші-мүсінші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, секция төрағасы (келісім бойынша)

Әлиев Дулат Қапбарұлы - кескіндемеші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Досмағамбетов Баир Фарденұлы - Астана қаласының сәулет және қала құрылысы басқармасы «Астана қаласының бас жоспары ғылыми-зерттеу жобалау институты» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры, сәулетші, профессор (келісім бойынша)

Дүзелханов Ағымсалы - кескіндемеші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Ерғалиева Райхан Әбдешқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі, өнертану докторы, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық көркемдік сыншылар

қауымдастығының мүшесі (келісім бойынша)

Жүнісов Сәрсенбек Ендібайұлы - «Астана қаласының сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы, Астана қаласының бас сәулетшісі (келісім бойынша)

Зәуірбекова Бәтима Есмұратқызы - суретші-гобеленші, Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Құмарова Сәбила Бекжанқызы - өнертанушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша)

Рүстембеков Ақмырза Исаұлы - «Қазақстан Сәулетшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сәулетшісі (келісім бойынша)

Сүлейменов Тимур Бимашұлы - «Қазақстан Дизайнерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші-дизайнер (келісім бойынша)

Твердохлебов Владимир Сергеевич - суретші-монументалист, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша)

Төлепбай Ерболат Тоғысбайұлы - суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан